

**Бекітілген тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы,
реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі
тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша
2026 жылдың 1 жартыжылдығының
ЕСЕБІ**

1. Кәсіпорынға сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы *(әрі қарай - Компания)* Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы электр энергиясын беру қызметі бойынша қызметкерлер саны – **1 100 адам** *(әкімшілік-басқару персоналы – 69 адам, өндірістік персонал – 1 031 адам)*.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы **10 608 шақырым**, қосалқы станциялардың саны – **2 058 дана**, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі **60%** жетті.

Құрылғылардың нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы қажет болсада, қазіргі таңда олардың нақты қызмет еткен мерзімі **30-50 жылдан** асып отыр.

**2. 2026 жылғы бекітілген инвестициялық бағдарламаның
1 жартыжылдықта орындалуы туралы**

«ҚЭТТК» АҚ-ның 2026 жылға арналған инвестициялық бағдарлама жалпы сомасы **502,7 млн теңге** бекітілді.

➤ **330,6 млн теңгеге** «Қызылорда қаласының ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілерін реконструкциялау және жаңғырту» Жоспары 35,67 шақырым, орындалғаны 8,9 шақырым 25% орындалды;

➤ **69,2 млн теңгеге** «Электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және АСКУЭ-ге қосу» Жоспары 1487 дана, электр энергиясын есепке алу аспабы орнатылғаны 1030 дана 69,3% орындалды;

➤ **20,8 млн теңге** сомасына «Телемеханика жүйесін жаңғырту және SCADA-ға қосу» жұмыстары 35/10 кВ «Жаңарық» қосалқы станциясына орнатылып, толығымен орындалды;

➤ **82,1 млн теңге** сомасына «Автотехника» сатып алу: 1 дана «Кран манипулятор» автотехникасы сатып алынды (*келісім шарт соммасы 80,9 млн теңгені құрады*).

Қазіргі таңда материалдар мен жабдықтар толық сатып алынып, жұмыстар жүргізілуде. Жұмыстар ағымдағы жылдың 2 жартыжылдығында толығымен аяқталып, электр қондырғыларының жалпы тозу деңгейі 60% -дан 59,5-ға, авариялық ажыратулар 10%-ға азаяды деп күтілуде.

*Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
1-Нысан*

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның
2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)**

млн.тенге											
№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Пайда мен шығындар	Инвестициялық бағдарламаның (сомасы)				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі	туралы есеп*	Жоспары	Нақты	Ауытқу	ауытқу себептері
				Жоспар	Нақты						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Электр энергиясын беру	Қызылорда қ. ҚЭТБ-ы ОАЭТ-ы ӘЖ-10/0,4 кВ электр тораптарын қайта жаңарту мен модернизациясы	шақырым	35,67	8,9			330,6	0		Жұмыстар жүргізілуде

2026 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

2	Қызмет көрсетілетін аумақ - Қызылорда облысы, аумағы 75 612 км²	Электр энергиясы есепке алу аспаптарының модернизациясы мен АСКУЭ-ге қосу	дана	1 487	1 030			69,2	0		Жұмыстар жүргізілуде
3		Телемеханика жүйесін жаңарту және SCADA-ға қосылу	жиынтық	1	1			20,8	20,8		Толығымен орындалды
4		Автотехника сатып алу	дана	1	1			82,1	80,9		Толығымен орындалды

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, млн.тенге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштер	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету		дің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	
Амортизация	пайда												
				жылдың фактісі	жылдың фактісі	жылдың фактісі	жылдың фактісі			жылдың фактісі	жылдың фактісі		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
502,7				0	0	60	59,5	14,4	14,4	218	138		Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері тарифтік сметада есепті жылға 1 238 млн кВт*сағат болып бекітілген, 1жартыжылдықта орындалған нақты көлемі 628 млн кВт*сағатты құрап, ауытқу

													бекітілген мөлшерден 610 млн кВт*сағатқа немесе 49%-ды құрады. . Электр энергиясының транзиті 2025 жылмен салыстырғанда (2025ж. жартыжылдығына электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 613 млн кВт*сағ құрады) 15 млн.кВт*сағ немесе 2,4% өсіп отыр. Электр энергиясы транзитінің ұлғаюы қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен. Электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 60% құрайды. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл, алайда, нақты пайдалану мерзімі 35-40 жылды құрап отыр
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қондырғылардың орташа тозу деңгейі 60%-дан 59,5%-ға дейін немесе 0,5%-ға, жыл аяғына дейін жұмыстар толығымен аяқталып тозу деңгейі төмендейді.

3. 2026 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
2-Нысан

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның
2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша
электр энергиясын беру қызметі**

(реттеліп көрсетілетін қызмет)

р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштер	Нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
1.	Материалдық шығындар	млн.тенге	361	159	(56)	Шығыстардың ұлғаюы материалдардың нарық бағасының өсуі, автотехникалардың алынуына байланысты «жанар-жағармай» шығындарының бағасының өсуі, сондай-ақ электр энергиясын сатып алу тарифтерінің өсуіне байланысты «шаруашылық қажеттіліктерге энергияны сатып алу» шығындарының ұлғаюына байланысты бекітілген көрсеткіштерден ауытқу орын алды.
2.	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар	млн.тенге	4 420	2 550	(42)	Жаңа тарифтік сметаның 2026 жылғы 10 маусымнан бастап қолданысқа енгізілуіне байланысты
3.	Амортизация	млн.тенге	1 054	802	(24)	Нақты негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің ұлғаюы
4.	Жөндеу, барлығы: оның ішінде:	млн.тенге	349	14,4	(96)	Қазіргі таңда жөндеу жұмыстарына қажетті материалдар толығымен сатып алынып жұмыстар жүргізілуде
4.1	ағымдағы жөндеу	млн.тенге	52	5,2	(90)	
4.2	күрделі жөндеу	млн.тенге	297	9,2	(97)	
5.	Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері мен өзге шығындар, барлығы	млн.тенге	150	134,6	(10)	

6.	Салықтар	млн.тенге	110	102	(7)	«Энергетика және ТҮКШ» КММ теңгерімінен компанияның теңгеріміне электр нысандарының қабылдануына байланысты мүлік салығының ұлғаюы
7.	ЕҚҚЖДБ сыйақы төленуіне шығындары	млн.тенге	99	178	80	инфляцияның жоғарылауына байланысты
III	Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар	млн.тенге	6 073	3 310	(45,5)	Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясы тарифінің бекітілгеннен артуы, және қосалқы қызметтердің тарифінің көтерілуі
IV	Барлық шығыстар	млн.тенге	12 616	7 250	(42,5)	
V	Пайда	млн.тенге	-	(1 502)	-	
VI	Барлық табыс	млн.тенге	12 616	5 748	(54)	
VII	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	млн. кВт*сағ	1 238	628	(49)	қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушылар санын енгізу есебінен
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	14,40	14,40	-	
		млн. кВт*сағ	177	83	(53)	
IX	Электр энергиясы берілуі қызметтеріне тарифі, (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	10,192	9,146	(10)	
	2024 жылғы тұтынушыларға өтелмеген залал сомасы (тарифтік сметаның орындалмауы)	млн.тенге	487			
	электр энергиясы бағасының айырмашылығына байланысты алынбаған кірісті өтеу сомасы	млн. тенге	579			
X	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі барлық кірістер	млн.тенге	12 708	5 748	(55)	2026 жылдың 1 қаңтарынан 31 наурызына дейін 9,152 тенге тарифі қолданылды.
XI	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	10,266	9,146	(11)	2026 жылдың 1 сәуірінен 9 маусымына аралығында 8,76 тенге тарифі енгізілді. 2026 жылдың 10 маусымынан бастап 10,266 тенге тарифі енгізіліп, қазіргі кезде қолданыста. Орташа тариф 9,146 тенгені құрады.

4. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері,

жұмыс сенімділігі сақталды. 2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша 2-дәрежелі істен шығулар **126 рет** тіркеліп, 2025 жылмен (127 рет) салыстырғанда **1 ретке** төмендеді.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
3-Нысан

Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ электр энергиясын беру қызметі

(реттеліп көрсетілетін қызмет)

Рет. №	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	Есепті кезеңнің алдындағы 2025ж. дерегі	2026 ж. жоспары (нормасы)	Ағымдағы 2026 ж. 1 жартыжылдығының фактісі	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуын бағалау	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақтамау себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	0,3521	3,7	0,8377	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	0,6157	3,7	0,9657	норма	жоқ

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін

5. 2026 жылдың 1 жартыжылдығының нәтижесі бойынша электр энергиясын беру қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

Рет. №	Тиімділік көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2025 ж. дерегі	2026 ж. жоспар	2026 жылдың 1 жартыжылдығының нәтижесі, нақты	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	1 239	1 238	628	(49)	жоқ
	Электр энергиясын беру, млн. теңге	10 508	12 708	5 748	(55)	бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясы тарифінің бекітілгеннен артуы, және қосалқы қызметтердің тарифінің көтерілуі
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	173	177	83	(53)	жоқ
	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге	5 694	6 073	3 310	(45,5)	жоқ

6. 2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша:

Жалпы табыс **21 968 млн теңгені құрады** (негізгі қызметтен 18 936 млн теңге, өзге де қызметтерден 3 032 млн теңге).

Жалпы шығыстарға **22 004 млн теңге** жұмсалды (негізгі қызметтен 20 333 млн теңге, өзге де қызметтерден 1 671 млн теңге).

Жылдық шығын **36 млн теңгені құрады** (негізгі қызметтен 1 397 млн теңге шығын болса, өзге де қызметтерден түскен пайда 1 361 млн теңгені құрады).

Өндірістік шығындар көлемі - қызметтерді апаттық жағдайларсыз және электр энергияны сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке, сонымен қатар, қосымша қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуіне, материалдар мен жанар-жағар май нарық бағасының өсуі, нақты амортизацияның ұлғаюы және жыл ішінде Бірыңғай сатып алушыдан электр энергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуіне қарай, электр энергиясының ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты ұлғайды.

Бұдан бөлек, тарифте ескерілмейтін қосымша шығындар орын алды (айыппұлдар, өсімпұлдар, бюджетке төленетін мемлекеттік баждар, сот шығындары және т.б.).

7. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері

Электр энергиясын беру көлемі тарифтік сметада есепті жылға **1 238 млн кВт*сағат** болып бекітілген, ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығында орындалған нақты көлемі **628 млн кВт*сағатты** құрап, ауытқу бекітілген мөлшерден **610 млн кВт*сағатқа** немесе **49%-ды** құрады. Электр энергиясының транзиті 2025 жылмен салыстырғанда (2025ж. жартыжылдығына электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 613 млн кВт*сағ құрады) **15 млн.кВт*сағат немесе 2,4%** өсіп отыр. Электр энергиясы транзитінің ұлғаюы қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен.

8. 2026 жылдың 2-ші жартыжылдығындағы кәсіпорынның жұмыс жоспары (оның ішінде электр энергиясын беру қызметінің тарифі өзгерген жағдайда)

Стратегиялық тауар (*электр энергия*) бағасының және ілеспе қызметтердің тарифтерінің ұлғаюына, өңір бойынша орташа айлық жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты Компанияның электр энергиясын беру қызметіне 2026 жылдың 10 маусымынан бастап **10,266 теңге** тарифі енгізіліп, қазіргі кезде қолданыста.

Қолданыстағы ережелерге сәйкес жыл соңына дейін тариф өзгертілмейді.

2026 жылдың тарифтік сметасы бойынша ағымдағы жылдың 2-ші жартыжылдығында жөндеу жұмыстары **334,6 млн.теңге** орындалу жоспарлануда (*ағымдағы жөндеу – 46,8 млн. теңге; күрделі жөндеу – 287,8 млн.теңге*).

Орындалатын жұмыстар көлемі:

- **18,76 шақырым** электр тарату желілері мен **1 дана** қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жұмыстары;
- **1,25 шақырым** электр тарату желілері мен **1 дана** қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Қазіргі таңда, барлық жөндеу жұмыстарына қажетті материалдар мен жабдықтар толық сатып алынып, жөндеу жұмыстары жоспарланған кестеге сәйкес орындалуда.

Инвестициялық бағдарлама жалпы сомасы **399,8 млн теңгеге** орындалу жоспарлануда

➤ **330,6 млн теңгеге** «Қызылорда қаласының ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілерін реконструкциялау және жаңғырту» Жоспары 26,77 шақырым;

➤ **69,2 млн теңгеге** «Электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және АСКУЭ-ге қосу» бойынша 457 дана электр энергиясын есепке алу аспабын орнату жоспарлануда.

Қазіргі таңда, инвестициялық бағдарламаға қажетті материалдар мен жабдықтар толық сатып алынып, жұмыстар ағымдағы жылдың 2-ші жартыжылдығында толығымен аяқталады. Нәтижесінде электр қондырғыларының жалпы тозу деңгейі 60% -дан 59,5-ға, авариялық ажыратулар 10%-ға төмендейді.